



DEPARTMENT OF  
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева  
Факультет журналистики и политологии  
Кафедра политологии

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ:  
ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

Х-шы Халықаралық ғылыми-практикалық  
конференция материалдары  
5 мамыр 2020 ж.

---

**СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ  
КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА:  
ПЕРСПЕКТИВЫ И ВЫЗОВЫ**

Материалы X-Международной  
научно-практической конференции  
5 мая 2020 г.

**Нур-Султан, 2020**

УДК 327(063)  
ББК 66.4 (0)  
С 69

**Редакционная коллегия:**

Доктор политических наук, профессор **Р.А. Нуртазина**, Казахстан  
Доктор политических наук, профессор **Е.В.Матвеева**, Россия  
Доктор политических наук, профессор **Хасан Язиджы**, Турция  
Депутат VI Созыва Палаты представителей Национального собрания  
Республики Беларусь – **Жданович Павел Леонидович**

**Организационный комитет конференции: E-mail: [polscience323@gmail.com](mailto:polscience323@gmail.com)**

**Информация о конференции на сайте: [enu.kz](http://enu.kz)**

Рыстина И.С. – доктор PhD, доцент, зав.кафедрой политологии

Копежанова Д.Е.- доктор PhD, доцент кафедры политологии

Болатулы Нуржан – преподаватель кафедры политологии

**«Социально-политическая модернизация казахстанского общества: перспективы и вызовы».**

Сборник материалов X- Международной научно-практической конференции. (5 мая 2020 г) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

**ISBN 978-601-337- 131-3**

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки, философии Абая Кунанбаева в современных социально-политических реалиях, волонтерства в контексте формирования гражданского общества и реализация программы «Рухани жанғыру», как новые тренды духовного обновления нации.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

*Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.*

**ISBN 978-601-337- 131-3**

© Кафедра политологии  
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2020.

добровольцев должна стать примером для каждого гражданина. Уверен, что ни один регион не останется в стороне от этой важной работы», – резюмировал глава государства[9].

Таким образом, волонтерство в Казахстане постепенно приобретает общенациональный характер. Объявление 2020 года годом волонтера еще больше объединит наших граждан и способствует формированию новой парадигмы мышления казахстанцев.

#### Вывод

Волонтерство проявилось во всех формах почти во всех обществах и прошло большой путь развития, сформировав ту модель, которая существует на сегодняшний день.

Развитие волонтерства играет важную роль в формировании гражданского общества. Участие в добровольной деятельности способствует самореализации и самосовершенствованию, дает возможность приобретать новые знания и опыт, чувствовать себя социально значимым и социально полезным.

#### Литература:

1. Волонтерская деятельность [электронный ресурс].-Режим доступа: [http://murommed.ru/posts/detail/?ELEMENT\\_ID=356](http://murommed.ru/posts/detail/?ELEMENT_ID=356) .- Дата обращения : 21.04.2020
2. Волонтерство [электронный ресурс].- Режим доступа : <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%92%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%BD%D1%82%D1%91%D1%80%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%BE> .- Дата обращения: 21.04.2020
3. Волонтеры. Как всё начиналось? [электронный ресурс].- Режим доступа : [https://moeobrazovanie.ru/istoriya\\_volonterstva.html](https://moeobrazovanie.ru/istoriya_volonterstva.html) .- Дата обращения: 21.04.2020
4. Волонтерское движение в Европе и США. Справка[электронный ресурс].- Режим доступа : <https://ria.ru/20100521/236986923.html> .- Дата обращения: 21.04.2020
5. Что такое волонтерство и как оно возникло? [электронный ресурс] .- Режим доступа: <http://xn--b1aedacfrjqgbzj3aoc9lpa.xn--p1ai/news/2018-09-08-371> .- Дата обращения: 21.04.2020
6. Гражданское общество [электронный ресурс] .- Режим доступа: <https://studfile.net/preview/7007386/page:3/> .- Дата обращения: 21.04.2020
7. Всеобщая Декларация Добровольцев, принятая на всемирной XVI Всемирной конференции Международной ассоциации добровольческих усилий (Амстердам, январь 2001 г., Международный год добровольцев) при поддержке Генеральной Ассамблеи Организаций Объединенных Наций и Международной ассоциации добровольческих усилий [электронный ресурс] // URL: <http://www.jaba-point.ru/declaration.aspx> .- Дата обращения: 21.04.2020
8. Сычева А.В. Добровольческое движение как фактор развития гражданского общества // Известия Тульского государственного университета. Гуманитарные науки. - 2015.- Дата обращения: 21.04.2020
9. В Казахстане действует более 200 волонтерских организаций.- Режим доступа: <https://kapital.kz/gosudarstvo/84687/v-kazakhstane-deystvuyet-boleye-200-volonterskikh-organizatsiy.html> .- Дата обращения: 21.04.2020

Научный руководитель: Сергазин Е. Ф.

Шалтай Еркебұлан Алтынбекұлы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты  
[Yerkebulan08shaltay@gmail.com](mailto:Yerkebulan08shaltay@gmail.com)  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

## ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖАСТАР ПАТРИОТИЗМІНІҢ ДАМУЫ МЕН МАҢЫЗЫ

2018 жылғы дерек бойынша Қазақстан Республикасының дербес аумағында 3 900 834 жуық жас өмір сүріп жатыр. 14-29 жасқа дейінгі адамдар тобы жалпы халықтың 21,5 % құрайды. Соңғы ашық ақпарат көздеріндегі деректерге сүйенсек, осы жастағы адамдардың саны төрт миллионнан асты, ал жалпы халыққа шаққанда 22% жетті. Демек, қазіргі халықтың негізгі жұмыс көзімен, болашақ потенциалы біздің мемлекеттің алға жылжытушы рычагі болып отыр. [1]

Қазақстандық жастардың патриотизмінің қалыптасуына ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жасаған сарабал саясаты ықпал болды. Тарихқа үңілсек еліміз Тәуелсіздігін алып, іргесін бекіткенде жергілікті халық, оның ішінде жастарға елін сүю, Отанға қызмет ету сынды қастерлі ұғымдарды бойына сіңіру оңай болған жоқ. Оның басты себебі егемендігін енді алған мемлекет үшін одан да ауыр, сындарлы кездер тұрды. Атап айтқанда, жаңадан құрылған мемлекеттің экономикалық әлеуетін көтеріп, әлеуметтік жағдайды қалыптастырып, жаңа жұмыс орындарын ашу сынды қиын да күрделі мәселелердің кезігуі болды. Осындай жағдайлардан кейін қазақстандық жастардың бойына елжандылық пен отансүйгіштік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сынды дәстүрлі құндылықтарға негізделген тұжырымдарды енгізу қолға алына бастады. Осы тұста өзге мемлекеттердің жастар патриотизм қалыптастыру үрдістерін бір еске салып өтсек.

Өз тәуелсіздіктерін алғанына бірнеше ғасырдан асқан мемлекеттерде патриотизм елі мен жерін сүю, адамзатқа құрмет сынды гумандық идеяларды бойын сіңіру оңай жүзеге асады. Мысалы, мемлекеттің негізгі қалыптасуына дәстүрлі құндылықтары сеп болып отырған Жапонияда туылған әр бала өткен тарихын тану және болашаққа құрылған айқын мақсаттар арқылы өз елінің патриотына айналады. Ал, жахандану заманында бүкіл әлемге «Американдық арман» идеологиясын таратып жатқан АҚШ-та туған әр бала өз мемлекетінің шыныменде өзге елдерден қуатты әрі күшті екеніне шүбәсіз сенеді. Бұндай көріністі әр американдықтан байқауға болады. Себебі ондағы әр отбасының үйінен, көліктерінен сол мемлекеттің ілініп тұрған қызыл жолақты туын көресіз. Француздарда да дәл осындай тарихи жағдайлар арқылы қалыптасқан отансүйгіштіктің басты қайнар көзі ұзақ жылғы тарихи әлеуметтік оқиғалар негіз болып отыр. [2]

Ал, 1991 жылы 16 желтоқанда өз тәуелсіздігін жариялап, әлем картасына жаңадан Қазақстан деген мемлекет келді. Оның тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Жаңа басшының мойнында елді экономикалық жетілдіруден бөлек, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, жастардың бойына отансүйгіштік сезімін сіңіру тұрды. Бірақ, бұл жұмыстардың ешқайсысы да оңайлықпен іске асқан жоқ. Экономикалық жағдай мен әлеуметтік салалардың дамуына көптеген мемлекеттермен дипломатиялық қатынастардық орнамауы мен инвестициялық жобалардың қалыптаспауы себеп болса, жаңадан құрылған мемлекеттің азаматтарына патриотизмді сіңіруде бірнеше мәселелер болды. Оның алғашқысы осы жерде мекендеп жатқан 130 астам ұлт пен 40 астам этнос өкілдерінің болуы еді. Тарихи жағдаяттардың әсерінен біздің жерімізге күштеп әкелінген көптеген ұлттардың құқықтары тапталмауы мен осы елдің патриот азаматы ретінде өмір сүруі маңызды болды. Егерде Жапонияның жағдайы іспеттес халқының 90%-дан астамы бір ұлтты құрайтын мемлекетте ұлттық патриотизмді қалыптастыру аса қиынға соқпасы анық. Оны қалыптастыру үшін дәстүрлі құндылықтарды енгізу мен тарихи сананы жаңғырту жеткілікті. Ал, жоғарыда көрсетілген тарихи оқиғалар, көптеген ұлттың басын қосып отырған Қазақстан үшін бір ұлттық тарихы мен дәстүрін насихаттауға жол бермейтін еді.


Осы тұста Елбасының жүргізген саясаты жергілікті халық пен онда тұратын көптеген этнос өкілдерінің ауызбіршілігін сақтай отырып, тәуелсіз Қазақстанның патриоттарын шығаруда елеулі іс атқарды. Ондағы басты принцип ешқандай адам оның ұлты мен нәсіліне қарамастан осы елде тең құқыты болып табылды. Сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау сынды базалық құқықтардың барлығы осы елдің азаматтарына теңдей қарастырылатын болды. Одан бөлек, өзге этнос өкілдері өздерінің тарихи санасын жаңғырту, дін мен тіл еркіндігіне ие болу арқылы жаңа Қазақстанның іргетасын берік қалауға атсалысу көзделді. Осындай тарихи кезеңде ұлтаралық татулық пен жаңа қазақстандық патриотизм ұстанымын сақтап қалған Елбасының саяси беделін баса айтып кетіп кеткен жөн. Соның арқасында Қазақстан Еуразия кеңістігінде өзіндік орны бар, алпауыт мемлекетке айналды.

Бұл туралы Британияның экс премьер-министрі, белгілі саясаткер Тони Блэр «Қазақстан Ресей мен Қытай сынды алып державалардың ортасында отырып, көптеген ұлттардың және этностардың басын ауызбіршілікте тоғыстырып, жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастырды. Бұл тәуелсіздігін енді алған жас мемлекет үшін үлкен жетістік. Бұл әрине тәжірибелі басшы Нұрсұлтан Назарбаевтың тамаша жұмысы деуге болады» деп атап көрсетті. [3]

Көріп тұрғанымыздай Қазақстандық патриотизмнің өзге елдердегі аналогиялық жағдаяттардан айырмашылығы бар екенін байқап отырмыз. Елбасы өз сөзінде «Өз елінің патриоты болу – ол өз жүрегіңнен Қазақстанға орын беру» деген болатын. Жаңа Қазақстандық патриотизм – біздің этносаралық және конфессияаралық жетістігіміздің діңгегі. Оның іргетасы ретінде азаматтардың тең құқықтығы мен олардың Отан алдындағы жауапкершілі мен болашаққа деген нық сенімін қарастырамыз. Ал, қазіргі нарықтық заманда патриотизм түсінігі қандай мақсаттар мен міндеттемелерді жүзеге асырады. Ең алдымен, азаматтардың Отанды сүю сезімін нығайту, өз елін мақтан тұту және азаматтық қоғам қалыптастыруда өзіндік үлесін қосу. Ұзақ перспективада еліміздің атын шығару, отанымыздың егемендік жолындағы істеріне өз ықпалымызды тигізу болып табылады.

Отанымыздың дамып, көркейіп әлем алдында абыройы көтерілуіне жастардың бойында патриотизмнің болуы негізгі міндетті алғышарттың бірі болып отыр. Сондықтан да бүгінгі таңда жастар саясаты мәселесі, жастардың әлеуетті дамуы мемлекеттің басты құндылықтарының бірі болып отыр. Соның нәтижесінде ҚР президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауын жеткізді. Диссертациялық жұмыстың негізгі бөлігі ретінде жолдауда көрсетілген жаңа қазақстандық патриотизмге тоқталып кетуді жөн көріп отырмыз.

2012 жылы жарыққа шыққан Елбасы жолдауы мемлекеттің алдағы жарты ғасырлық жан-жақты дамуының жоспары іспеттес. Жолдау негізгі үш тараудан тұрады. Үшінші тараудың жетінші бөлімі түгелдей дерлік қазақстандық жаңа патриотизмге арналды. Елбасы алғысөзінде «Құрметті отандастар! Мен сөзімді, әсіресе жастарымызға арнағым келеді. Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналу керексіздер. Естеріңізде болсын, сіздердердің табыстарыңыз – ата-аналарыңыздың табысы, отбасыларыңыздың табысы, біздің Отанымыздың табысы» деп болашақ жастарға үлкен сенім артады. [4] Ендігі кезекте осы жолдаудың айқын міндеттемелеріне тереңірек тоқталып, қазақстандық патриотизмнің ерекшеліктеріне тоқталсақ. Халыққа жолдауда сан қырлы, оның ішінде халықаралық спорттағы жетістіктер, өнер мен мәдениеттегі жетістіктер, әлеуметтік салалардағы бағындырған белестерге тоқтала келе, алдағы жарты ғасырдағы біз жетуге тиісті айқын мақсаттар жөнінде айтылады.



Сурет 1. «Қазақстан-2050» Стратегиясындағы «Жаңа қазақстандық патриотизм» бөліміне жасалған контент-талдау

Кіріспе баяндамада қазақстандық патриотизмнің алғашқы нәтижесінің көрінісі ретінде Лондон Олимпиадасындағы жетістіктер көрсетілген. Ел намысын қорғаған спортшылармыз 205 ұлттық құрама арасында 12 орынға табан тіреп, ел спорты тарихында алғаш рет жеті алтынға қол жеткізді. Жұлделі орындарды елімізді мекендеген әртүрлі этнос өкілдері иемденіп, ел құрамасын алға шығарды. Илья Ильин, Зульфия Чинчанло, Мая Манеза, сонымен қатар қандасымыз Серік Сапиев алтыннан алқа тағып, Қазақстан әнұранын Лондон көгінде шырқатты. Бұл дегеніміз Қазақстандық жастардың патриотизм тұрғысынан көрсеткен ең үздік көрсеткіші. Соның арқасында еліміздің түкпір-түкпірінен қаншама өскелең ұрпақ өкілдері Отансүйгіштіктің асқақ үлгісін көріп, өнеге алып, туған жері мен еліне деген махаббаттары оянып, арта түсті. Бұл сайыста көп ұлтты Қазақстанның өкілдері өз этносының абыройы үшін емес, тұтас Қазақ елінің намысын абыроймен қорғап қала алды. Бұл жеңіс салтанаты арқылы халқымызды одан әрі біріктіре түсіп, патриотизмнің ұлы күшін таныта білді.

Айта кететін жайт, жастар салауатты өмір салтын ұстануға ерекше көңіл бөледі. Бұл бір сәт жастарымыздың басқа іспен шұғылданып Жапония жастарының тәжірибесіндегідей күштерін мәдени түрде пайдалануға алып келеді. «Орталық Азия жастары» басылымының 2016 жылғы дерегі бойынша елімізде спортқа қызығушылық танытатын қыз балаларға қарағанда ұл балалардың үлесі жоғары екендігін, спортпен жиі айналысатын жастардың облыстық деңгейі бойынша алғашқы орында Атырау 73,5%, Павлодар 70% және Алматы 67,5%, ең төменгі көрсеткіш Солтүстік Қазақстан облысы жастарына тиесілі 44,8%. Салыстырмалы түрде алғанда мүлдем спортпен айналысып көрмедім деген жастардың үлесін Шығыс Қазақстан 34,7% және Қостанай 28,6% еншіледі. [5, 41 б.]

Осы тұста Қазақстандық жастардың әр буынына мемлекет тарапынан жасалған игі амалдар жөнінде сараптай кетсек. Сөзіміздің басында айта кеткендей, елімізде 4 миллионға жуық жастар өмір сүреді. Олардың ең кіші буындары (14-18 жас) бүгінгі күні орта мектептерде білім алып жатыр. 2018 жылғы дерек бойынша Қазақстандық мектептерге 3



миллионнан астам бала білім алуда. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің деректері бойынша 2018 жылы елімізде 7 014 екі ауысымдағы, 138 жекелеген, кешкі уақытта 74, 100 арнайы мамандандырылған, 7 ойлау қабілеттері өзгеше балаларға арналған, ерекше арнайы изоляторындағы 1 мектеп өз жұмыстарын атқарып тұрды. [6, 46 б.]

Осы топтағы өкілдерге елін сүю, мемлекеттің патриот азаматы етіп шығару мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Nur Otan» Халықтық Демократиялық партиясының XII съезінде мектеп оқушыларына арналып жасалған арнайы жүйелі бағдарлама ойластыруды тапсырған болатын. Соның нәтижесінде Білім және Ғылым министрлігі мен «Nur Otan» партиясының бірлесуі нәтижесінде мектеп оқушыларына арналған, оның ішінде 1-4 сынып балаларына арналған «Жас Қыран» ұйымы (6-10 жас) жүзеге асса, 5-11 сынып оқушыларына арналған «Жас Ұлан» ұйымы жұмысын бастады. Ұйымның негізгі мақсаты азаматтарымызды мектеп жасынан бастап елі мен жерін сүйіп, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, үлкенге ізет, кішіге үлгі болу сынды құндылықтарды сіңіру болып табылады. «Жас Ұлан» Бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына кірудің алдында жасөспірімдер міндетті антты қабылдайды. Анттың негізгі мазмұны Тәуелсіз Қазақстан Республикасының лайықты, үлгі тұтар азаматы болып, еліміздің жалынды патриоты болуға, өткен тарихқа құрметпен қарап, жасампаз мемлекетті құруда бар күш жігерін аямауға үндейді. Расында да, осы бір ұйымның балаларға патриоттық тәлім тәрбие беруде маңыз зор. Өмір баспалдағының алғашқы сатыларынан бастап бала бойына патриоттықты сіңіру басты мақсаттың бірі екені сөзсіз. Тіпті бұл тенденция жоғары дамыған мемлекеттердің білім беру жүйесінде де кездеседі. Оқушы кезден олардың үлкен өмірге деген қадамын нық басуы, өздігімен шешім қабылдау, өзін-өзі тану және басқару барлығы осы ұйымдардың жүйелі жұмысы нәтижесінде іске асып отыр. Мемлекетті сүю және патриотизм мен өзіңнің оның маңызды бөлшегі ретіндегі сезінуің болашақта сол елдің лайықты азаматы болуына кепілдік береді. [7]

Елбасының бастамасымен жүзеге асқан жас ұрпақты тәрбиелеудегі тағы бір маңызды қадам әскери-патриоттық клубтар мен арнайы армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы республикалық «Жас Ұлан» мектебі менен әртүрлі деңгейдегі әскери кафедраларды атап айтсақ болады. Солардың бірі «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық ұйымы. Осы орайда, Жас сарбаз жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы, Республикалық қоғамдық бірлестігі Нұр-Сұлтан қалалық филиалының төрағасы Налшыбек Асхат Бағдатұлымен сұхбаттасқан болатынбыз. «Жас сарбаз жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы, Республикалық қоғамдық бірлестігі - жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру, жасөспірімдерге әскери өмірдің қыр-сырларын көрсетіп, қызығушылықтарын ояту, Отан алдындағы борышын өтеу, тәуелсіз елдің нағыз патриотты ұландарын тәрбиелеу» деп ұйымның басты мақсатын айтқан болатын. 14 пен 18 жас арасындағы республика мектептерінің және колледждерінің оқушы-студенттерінен 200 мың жасөспірім мүше екенін айтты. Бүгінгі күні елімізде 7 584 әскери-патриоттық бағыттағы осындай сыныптар мен клубтар жұмыс істейді.

Құрылғанына бірнеше жыл ғана болса да, құрамына екі жүз мың жасөспірімді жинаған ұйымның жастарға берер тәлім тәрбиесі мол. Бұл туралы – Елімізде көптеген этнос өкілдері тұрады. Біз бәріміз де – Қазақстан азаматтарымыз. Бай тарихымыздың арқасында төзімділік пен құрмет сезімін бойымызға сіңірдік. Бұл құндылықтар Қазақстанды біріктіреді, мемлекетті қуатты және сыйлы мемлекетке айналдырады. Сондықтан патриот болу – баршамыздың парызымыз, – деді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.[8] Ұйымға кірген балалар өздерінің жоғары жетістіктерімен қуанып, түрлі экспедициялар мен демалыс орындарына жолдама ала алады. Сонымен қатар спорттық шараларға да тұрақты қатысып, салауатты өмір салтын ұстана алады.

Мемлекет тарапынан жастарға жасалған жұмыстардың бұл алғашқы қадамдары болып табылады. Бұдан кейінгі кезеңде Елбасының жолдауында көрсетілген қазақстандық

жастардың жоғары және арнаулы орта оқу орындарында білім алуын жақсарту мақсаты тұрды. Себебі, арнайы білім деңгейін меңгерген адам ғана белгілі бір саланың кәсібін игеріп, мемлекетке пайдасын тигізе алады. Бұл біздің мемлекетте өмір сүретін адамдардың жоғары сапалы білім алып, өзінің базалық құқықтарын қамтамасыз етуіне зор ықпал етеді. Бұл үшін мемлекет өз жастарына арнап бюджеттік қаржыландыру арқылы жоғары оқу орындарына гранттар беріп жатыр. Мысалы, 2018 жылы жоғары оқу орнына түсетін талапкерлерге арнап 53 мыңнан аса грант бөлінді. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 164 000 грантқа артық. Осы жоғары оқу орындарының қабырғасында білім алған жастар еліміздің түкпір-түкпірінде әртүрлі салаларда қызмет жасап, ел дамуына өз үлестерін қосады. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан кәсіптік-техникалық білім беру арқылы жастардың жұмыспен қамтылу деңгейі арттырылып жатыр. Бұл дегеніміз жастардың түрлі экстремистік топтардың арбауына түспеуіне сонымен қатар қылмыс жасаудың алдын алуға өз септігін тигізеді.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп ғұламалар айтып кеткендей еліміздің дамуы мен азаматтық қоғам қалыптастыруда жоғары білімді, елі мен жерін сүйетін патриот азаматтардың көп болуы үлкен рөл атқарады. Жоғары оқу орындарының қабырғасында жүріп еліміздің патриот азаматтары өздерін жеткілікті деңгейде дамыта алады. Ол Білім және ғылым министрлігінің арнайы қабылдаған бағдарламалары негізінде көптеген жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр. Одан бөлек ЖОО-да арнайы патриоттық бағытта тәрбиелейтін клубтар мен ұйымдар жұмыс жасайды.

Қазақстандық патриотизм, елді сүюдегі басты көрсеткіштің бірі – еліміздің қай өңірін болмасын дамытуға атсалысу, жершілдік пен рушылдыққа жол бермеу. Осы мақсатты берік ұстанып, екіншіден жоғары оқу орындарында білім алуды жетілдіру мақсатында «Серпін» бағдарламасы жүзеге асты. Бағдарламаның басты мақсаты еліміздің оңтүстігінен солтүстігіне жастарды білім алу мақсатында жіберу. 2014-2015 оқу жылында бастау алған мемлекеттік бағдарлама негізінде 37 сұранысқа ие мамандықта 25 жоғары және арнаулы оқу орындары талапкерлерді қабылдай бастады. Алғашқы жылы бағдарлама негізінде мың бала қабылданса, одан кейін мың екі жүз бала осы бағдарлама негізінде кәсіптік-техникалық білім алуға қол жеткізді. Бағдарлама аясында білім алушылар мемлекеттік грант және стипендия, жатақхана сонымен қатар ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Бұның барлығы тәуелсіз қазақ елінің жастарының лайықты білім алып, өз-өздерін шыңдап болашаққа нық қадам басуына ықпал етеді. Сонымен қатар аталмыш бағдарлама негізінде батыстан шығысқа, оңтүстіктен батысқа жастар білім алуға мүмкіндік алды.

Мемлекетіміздің басты ұстанған бағыты әлеуметтік-экономикалық жолында саяси-идеологиялық, рухани, мәдени жағынан жастарды патриоттыққа тәрбиелеу билік тарапынан жасалатын барлық бағдарламалардың негізгі нысанына айналады. Еліміздің орналасқан орнына орай, ұлттық мағыздылығымызға қарай қазіргі заманға халықтық дәстүр бойынша білім беру атқарушы органның басты мәселесі болып отыр. Білім беру тарихына қарайтын болсақ, еліне көрсетілетін сүйіспеншілік және оның жолдары туралы ертедегі Платон, Цицерон, Аристотель және тағы басқалары сынды грек және рим ғұламаларының кітаптарында патриотты тәрбиелеудің үлгілері көрініс табатынын аңғарамыз. Сан ғасырлар бойы қалыптасқан тарихымыздың отансүйгіштік тәлім үлгілерін, жүзеге асыру жолдарын алып, қазіргі таңдағы жастарды қалыптастырып, тәрбиелеуде ұтымды да саналы қолдану ХХІ ғасыр талабы.

Сондықтан да, азаматтық қоғамның дамып, жетіліп келе жатқан уақытында қай ел, қай мемлекетте болмасын жастарына патриоттық тәрбиедегі білім беру қай уақытта болмасын өзектілігін сақтап қалатыны анық. Тек патриот жастар ғана мемлекетін алға жетелейтін, отансүйгіш азаматтар ғана дамыған мемлекеттер қатарына қосатын, еліне жаны ашитын жандар ғана отанының тұрақтылығымен өміршектігін сақтайтын. Бәрінің алатын бастауы бір ол патриот жастар.



**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Жастар саясаты саласындағы анықтамалық ақпараттар// Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми сайты. (<http://qogam.gov.kz/kk/kategorii/molodezhnaia-politika#>)
2. Стадуб И. Д. История государства и права зарубежных стран: дистанц. образование: учеб.-метод. пособие / И. Д. Стадуб; Бел. ин-т правоведения. — 2-е изд. — Мн.: БИП-С Плюс, 2003. — С. 548.
3. Нурлигенова З. Н., Жиенбаев М. Б. Исторический аспект патриотизма и его роль в жизни общества и государства: новый казахстанский патриотизм // Молодой ученый. — 2015. — №20. — С. 556-560.
4. Назарбаев.Н.Ә «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан.
5. Орталық Азия жастары. Қазақстан - Алматы, 2016 жыл.
6. «Қазақстан жастары – 2019» ұлттық баяндамасы- Астана, 2019 жыл.
7. Коротов В.М. Самоуправление школьников. – М.: Просвещение, 1981. – 207 с.
8. Назарбаев.Н.Ә. «Жас сарбаз» балалар мен жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігінің тәрбиеленушілерімен кездесуіндегі сөзі.

**Ғылыми жетекші  
PhD докторы, доцент  
Көпежанова Д. Е.**

**4. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ: ҰЛТТЫҢ РУХАНИ  
ЖАҢАРУЫНЫҢ ЖАҢА ТРЕНДТЕРІ**